

**"Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 108 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 24 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 4 ақпанда N 3600 болып тіркелді

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 108 қаулысына ( 2015 жылғы 24 мамырдағы "Солтүстік Қазақстан" газетінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2777 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі*

*Е. Сұлтанов*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015  
жылғы 25 қаңтардағы № 24 қаулысына қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014  
жылғы 25 сәуірдегі № 108 қаулысымен  
бекітілген

Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі

1. Ірі қара мал аурулары: гиподерматоз.
2. Жылқы аурулары: сақау, пироплазмидоз, гастрофилез, параскаридоз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК